

тәсілдің» пайда болуында қандай заңдылық жатыр деген сауалдар туындайды.

Ежелгі адам өзін және қоршаған әлемді тану барысында, ең алдымен, өзін және әлеммен (ғаламмен) сәйкестендірген, салыстырған, теңдестірген – одан басқа жолы болмаған. Соның нәтижесінде әлем (ғалам) адам кейпінде танылған, яғни космос (әлем) антропоморфтанған (антропоморфизация), тірі, жанды, адами сипатталған, суреттелген, ал адамның өзі әлемнің (космостың) сипаттарына ие болып суреттелген, яғни әлеммен теңдестірілген – мұндай тұтастық (синкретизм) ежелгі мифологиялық дүниетанымға тән нәрсе. Осыдан ежелгі мифтік, кейінірек эпикалық қаһарман «ең теңдесі жоқ», гиперболалық, космостық сипаттарына ие болған, ал қоршаған орта, яғни әлем космос адами антропоморфтық түрінде суреттелген, сипатталған.

Осы тұжырымды дәйектейтін айғақтайтын қазақ жырларларынан көптеген деректерді көрсетуге болады: Солардың бір-екеуін ғана келтірейік: Алты жасар Қобыланды баланың:

Таулар күйіп, тас жанған
Алты жасты баланың
Елбеңдеген зарпына
Қобыланды жауының бірі Барса ханның:
...Будақтап түтін шығады,
Мұрнының тыныс лебі екен.
Сырғауылдан кем емес,

Ергубекова Жанат. Гиперболическое описание этно-культурного концепта «батыр»

В статье говорится о фольклорном ономастическом пространстве; определяются параметры собственных имен в художественном (фольклорном) тексте; анализируются категории, разновидности, особенности тех собственных имен.

Ergubekova Janat. The hyperbolic description of ethno-cultural concept of "batyr"

In the article it's said about folklore onomastic area; the forms of Proper Names in the literary text are determined and the categories, varieties, and peculiarities of Proper Names are analyzed.

Б. Жүсіпова,

ф.ғ.к., аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. ҚР Түркістан қаласы, sokrat1988@list.ru

ТҮРКІСТАН ТҮРҒЫНДАРЫ ТІЛІНДЕГІ ТАҒАМ АТАУЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СӨЗДЕР

Лексикалық ерекшеліктер деп отырғанымыз қазақ әдеби тілінде кездесе бермейтін, кездесе де тұлғалық және мағыналық жағынан басқаша қолданылатын сөздер. Сөйленістердегі лексикалық ерекшеліктердің кейбіреулері тіліміздің байырғы белгілерінің ізі ретін-

Барсаның тарқан шылымы...

Айғайлаған даусымен

Қара тасты жарады.

Екпінімен тыныстың

Тастар ұшып барады.

Шын мәнінде, эпикалық гиперболикалық теңеулердің астарынан ежелгі замандардан келе жатқан бірден аңғарыла бермейтін этноментальдық ақпараттар мен мәліметтер жатыр.

1. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. – Мн.: Тетросистема, 2004. -256с.

2. Косарев А. Философия мифа: Мифология и её эвристическая значимость. Учебное пособие для вузов. – М., 2000. – 272 с.

3. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. –Ленинград: Изд. «Наука» ленинградское отделение, 1974. -723 с.

4. Кидайш-Покровская Н.В., Нурмагамбетова О.А. Героическая поэма «Кобланды батыр» //Кобланды батыр. Казахский героический эпос. –М.: Главная редакция восточной литературы. 1975, -с. 9-61.

5. Окладников А.П. История Якутии. –Якутск: Якутгосиздат, 1949. Т.1. Прошлое Якутии до присоединения к русскому государству.

6. Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику.- М.: Флинта, 2004. -147с.

7. Селиванов Ф.М. Гипербола в былинах //Фольклор как искусство слова. Вып. 3. – М., 1975

8. Холаев А.З. Карачаево-балкарский нартский эпос. – Нальчик, 1974

9. Бегалиев С.Ч. О поэтике эпоса «Манас». –Фрунзе, 1968

10. Каррыева А.В. Поэтическая система эпоса «Героглы». –Ашхабад, 1990

де танылса, кейбір лексикалық құбылыстар көрші халықтар тілінің әсеріне байланысты болады. Қазақ диалектологиясында қалыптасқан дәстүр бойынша, тұрмыстың әр саласына тән сөздерді бірнеше топқа бөліп қарастырылған. Сол сияқты, Түркістан тұрғындары

тіліндегі ерекшеліктерді де бірнеше топқа бөліп қарастыра отырып, бұл мақалада Түркістан тұрғындары тіліндегі тағам атауларына байланысты ерекшеліктерді сөз етпекпіз. Ауқат – тамақ, ас. Ауқат алыңыздар! Ауқат істеп үйде отырамыз ба? Жергілікті жерде жалпы қазақ тілінде айтылатын кеспе көже, күріш көже, бидай көже, арпа көже атауларының қолданылуымен бірге басқа өңірлерде кездесе бермейтін мына төмендегі сөздерді айтуға болады. Олар: **Сұйықаш** – сұйық тамақ, көже. Бүгін жақсылап бір сұйықаш істеші (Оранғ. Құш.). **Ет сорпа** – ет, картоптан жасалған сұйық тамақ түрі. **Қара сорпа** – піскен еттің қамыры салынбаған сорпасы. Қара сорпаға пияз, нан турап ішеді. **Қайнатпа сорпа** – ет араласқан сұйық тамақ, сорпа. **Қайышаш** – қамырын ұзын етіп кесіп жасайтын тағам, кеспе. **Жауған көже**. 1. Ет, май қоспай пісірілетін тамақ. Қамырға көк жалбызды турап салып илеп, оқтаумен жайып, шетінен бармақпен үзіп тастап пісірілетін тамақ. Азанда жауған көже іше сала кеттік; 2. Сөктен, тарыдан жасалған көже. **Жұлма көже** – қамырды жайып, қолмен жұлып-жұлып салып жасаған нан көже. Жұлма көжені пышақ тигізбей, ауырып жатқан адамға арнап жасайды. Пышақ тимей жасалған жұлма көже жеңіл болады деп есептейді. **Белбайлы көже** – ұнды қуырып, май, сүт, сөк қосып жасайтын көже. Белбайлы көжені жаңа босанған әйелге, үлкен кісілерге береді. Теңге көже – қамырға жалбыз қосып илеп, төрт бұрышты етіп кесіп жасаған тағам түрі. Бүгін теңге көже жасаңдаршы, – деді енесі келініне. **Мекей көже** – жүгеріден жасалған көже түрі. **Кеспе көже** – нанды жайып, жіңішкелеп кесіп жасаған тамақ. **Жыл көже** – наурыз көже. Ернар, жүрсей үйге, жыл көже ішейік. **Теңге жапырақ** – қамырды оқтаумен қалыңдау етіп жайып, төрт бұрыштап кесіп жасаған тамақ түрі. **Сүткүріш** – сүт пен күріштен жасалған тағам түрі. Сүткүрішті жасағанда күрішті суға қайнатады. Су бойына тартқанда сүт құяды. Одан соң үстіне сарымай салады. Сүткүріш қою болады. **Сыркүріш** – күрішті сүтке қайнатып, бетіне май салған тамақ. **Шәуле** – етті майдалап турап, қуырып, асығыста күріштен жасайтын тағам түрі. **Нан салма** – қамырды жайып, бетіне сарымайды күйдіріп құйып жасаған тамақ. **Майқамыр** – қамырды жайып, суға пісіріп, қамыр үстіне өз алдына жеке пісірілген картоп, ет т.б. майымен құйып жасаған тамақ. Біздің ауыл көбінесе майқамыр жейді.

Ханым – қамырды жұкалап жайып, бетіне май жағып, үстіне туралған етті сеуіп, қамырды орап мәңгі қазанға пісіретін тағам түрі. Бүгін ханым тамақ пісірейік. Ара – тұра ханым пісіріп отырады. Қайшаш – майқамыр. Мен келсем, үйдегілер қайшаш жеп отыр екен. Турамыш – етті де, қамырды да ірілеу етіп тураған ет. Тұшпара – пельмен, (өзб. чучвара). **Нарын** – етін де, нанын да ұсақтап турап жасаған тағам түрі. Нарын көбінесе ауызашарда жасалады. Мүйдің деген кісі қонаққа барғанда, нарын беріпті. Сонда: Иқандық берді нарын, Қалған, құтқан турап барын. Тойсаң да, тоймасаң да осы Шұрқырамай жата бер, қарын – Аумин, аллау акбар! – деп бата берген екен. **Ұстаған**. 1. Тураған еттен бұрын берілетін етті сүйек. 2. Етті және жұқа нанды ұсақтап турап, үстіне сорпа құйып жасаған тамақ. **Жақана** – түннен қалған кесек ет. Таңертең жақанамен шай іш. **Жұқпа нан** – жұқа жайылып, қатты қыздырылған қазанға пісіреді. Жұқпа нан пісіргенде нанды жұқпалап жаяды да, қатты пісірмей – ақ, ары – бері аударыстырып тұралы. Жұқпа нанды кейін турап сүтке не айранға салып жейді. **Ботқа** – күріштен жасалған қою тамақ. **Быламық** – ұнды қазанға қыздырып алып қойып, қазанға май қыздырып, су құйып үстіне ұн салып пісірген тағам түрі. Мұны Қазақстанның кей жерлерінде атала деп атайды. **Мипалау**. 1. Жамбастың майлы етінен жұкалап турап алып, бауырды бір қайнатып, жұмсақ түрінде алады да, қой құйрығын ұсақтап, күс тіл қып турап жасаған тағам. Мұндай мипалауды қоңырат, арқа қазақтары жасайды. 2. Қойдың миын алып, бастың құйқасын ұсақтап турап жасаған түрі. Бұқтырма – тағам түрі. Әжем үйі қой сойып еді, жеңгем жас еттен бұқтырма жасады. **Жылытпа**. 1. Кешеден, өткен күннен қалған ас. Мен барғанда ол жылытпа ішіп отыр екен. 2. Жеңіл – желпі тамақ түрі. Кешке бір жылытпа істей сал. **Шегілген ет** – еттің майдалануы, ұсақтап тураған ет. Ханым жасағанда, жұкалап жайған қамырға май жағып, шегілген етті сеуіп, қамырды орап жасайды. Шекпе қамыр – шегілген етті өз алдына суға пісіріп алған қамырдың үстіне кесіп жасайтын қамыр тамақ. **Ашытпа** – бидай, жүгері, күріш т.б. ашытып жасаған сусын. **Ежігей** – күрт пен ірімшік қоспасынан жасалған күрт. **Шалап** – айранға су құйып жасаған сусын. Шөлдегенде ішетін шалап жасағанда айранға су қосып қырық бір рет сапырады. Сұйық айран – айранды пісіп,

майын алғаннан кейінгі айран. **Қамыр** – етке салатын нан. Апам еттің қамырын тегіс етіп жаяды.

Қазақ тілінің сөйленістерінде бұл сөздің жайма нан, құлақ нан (Көкш.), шелпек (Сем., Ш.Қаз.), іңкәл (Орал), кісе нан, қамыс нан (Түркм., Гур.) тәрізді баламалары бар. Өзбек тілінде – хамыр (узб. – рус.сл. 497, қырғыз тілінде – қамыр (кирг. – рус.сл. 319). **Зуала** – жаю үшін немесе нан пісіруге дайындаған қамыр бөлегі, түркменше – зувала (түркм. – рус.сл.), өзбекше – зувала (узб.- рус.сл.), қарақалпақша – зууала (карак. – рус. сл.).

Қызылдәрі – қызыл бұрыш. Пиалаға жылы күл салып, үш жеріне қызылдәрі салып, ішке басады. Келімдәрі – қызыл бұрыш. Тамақтың келімдәрісі көп қосылып кетіпті.

Қамбая // **қампия** – нан ашытқы. Қамбаямен ашыған наннан үзіп алып, ұнға салып қояды. **Таба нан** – табаға пісірген нан. **Тандыр нан** – тандырға пісірген нан. **Қазан жаппа** – ашытып қазанға пісірген нан. Қазан жаппа жұмсақ болады. Көмеш – табаға пісірген нан. Күл көмеш шоққа, қоза – паяға көміп пісірген нан. Пәтір – ашытпай пісірген нан. Пәтірді қазанға да, тандырға да жабады. Қарақалпақ тілінде пәтир деп ашытпай жапқан нанды да айтады (карак. – рус.сл. 1958), өзбекше – патир (узб. – рус. сл. 1959, 322), қырғызша – патир (кирг. – рус.сл. 1965)).

Қаттама – қабаттап пісірген нанның бір түрі. Қаттаманы нанды үлкен етіп жайып, арасына май жағып, орап плитаға табаны қыздырып пісіреді.

Шелпек – майға пісірген нан. Тоқаш. 1. Бауырсақ, қазір тоқаш пісіреміз; 2. Шиыршықтап дөңгелектеп кескен бауырсақ түрі. Бармақ бауырсақ – бармақтай – бармақтай етіп кесіп жасаған бауырсақ түрі. Бүкпе бауырсақ – арасына бір нәрсе (ет т.б.) салып пісірген бауырсақ түрі. Ши бауырсақ – жіңішке етіп кескен бауырсақ түрі. Ши бауырсақты майдалап кесіп пісіреді.

Қиғаш бауырсақ – қиғаштап кесіп жасаған бауырсақ түрі.

Күлше – нанның кішкенесі. Базаркүл балдарға арнап күлше жауыпты.

Қатырма – нанды дөңгелентіп, өте жұқа етіп жайып, қазанды баппен қыздырып, соған пісірген нан. Қатырма жасағанда қызып тұрған қазанға нанды салып, одан соң екінші бетіне аударып пісіреді. Қатырманы ораза кезін-

де көп дайындайды. Оны ыстық сүтке салып жейді. Қатырма тоқ тамақ болып есептеледі.

Қамыр жаю – нан жаю. Қамыр жайып отыр едім, олар үйге кіріп келді.

Зағара – жүгеріден жасалған нан.

Сумай // пісте май – өсімдік майы. Базардан сумай ала келші.

Пәміл шәй – таза үнді шәйі. Пәміл шәйден сатып ал. Үндінің пәміл шәйін ішіп, шөліміз бір қанды – ау. Шырағым, пәміл шәйден демдеші.

Сыр шәй – сүт қосқан шәй. Атамыз сыр шәйді жақсы көретін еді.

Кебек – үнды елегенде қалған ірісі. Ұрпақ – жайылған қамыр бетіне себілетін ұн. Әлеп - кебеп, ұрпақ.

Қымыран – шұбат. Қымыран бабында екен.

Шикі қаймақ – шикі сүт беті, кілегей. Кілегей сөзі бұл жерде сирек айтылады. Қаймақ. 1. Шикі сүт беті 2. Пісірген сүт беті.

Піскен айран – айранды күбіге құйып, пісіп майын алған айран. Піскен айранды ысытып, сүзбе дорбаға құй. (Оранғ.).

Ілмек – сүттің бетіндегі қаймағы. Бүгін ілмек қою тұрыпты.

Ақта – сүтті қарынға құйып, күүннің қызуымен ұйытылған айран.

Сықпа құрт – қолмен сығып жасаған құрт түрі. Түйе құрт - түйе сүтінен жасалған құрт.

Мәндір – қозы уызының ұлтабар ішіндегі мәйегі.

Сірне – ірімшіктің сарысуынан жасалған тағам. Сірне жасағанда сүтті үлкен қазанға жылытып, қозы уызының мәйегін тамызып ұйытады. Сүт айранға айналғанда қайнатады, одан сарысуы бөлінеді де аппақ ірімшікке айналады. Аппақ ірімшің көп қайнаған соң сарғаяды. Оны бөлек салып алып, қалған суды әбден қайнатады. Ол қою болып, түсі шоколад түсіндей болады. Осыны сірне дейді. Сірнені сықпалапқояды.

Тамыздық – ұйытқы. Сүтке тамыздықты сала салындар.

Әсел – бал, араның балы. Біздің үйде әсел көп. Тәтті - қант. Майра базардан шәймен ішетін тәтті әкелді. Келі қант - тұтас қант, бас қант. Шақпақ қант – қанттың жұдырықтай кесектеу ірі түрі. Көк қант – ірі - ірі тұтас қант. Көк қант құрып кетті ғой қазір.

Құмшекер – ұсақ қант. Кәмила апай шайға құмшекер салып сораптап, өткен күндерін ойдан өткізіп отыр.

Мәуе – шәуе – кәмпит, өрік, мейіз. Базарға барып үйге мәуе – шәуе ала қайтайық.

Тұқым – жұмыртқа. Ши бауырсақты тұқымға илеп, майдалап кесіп жасайды. Маған екі – үш тұқым қуырып бер.

Шәмбе// сама – шәйдің қайнатқаннан соң қалғаны, самасы. Түркістанда шәмбе деп аталса, Бабайқорғанда – сама.

Қатырған құмшекер. 1. Құмшекерді ешнәрсе қоспай қазанды шай қыздырып үздіксіз араластырып жасаған түрі. Қатырған құмшекер қызыл түске айналады. 2. Құмшекерге аздап су қосып, су сарқылғанша араластырып жасаған қатырған құмшекер. 3. Құмшекерге сүт қосып, араластырып қатырған құмшекер. Қатырған құмшекер арасы кеуек – кеуек болады. Қатырған құмшекер оңайлықпен сынбайды.

Қорыта келгенде, бұл келтірілген сөздер тағам атауларының Түркістан тұрғындары тіліндегі лексико – семантикалық ерекшеліктерінің өзіндік бір көрінісі болып есептеледі. Бұл ерекшеліктер осы өлкеден шыққан әдебиет қайраткерлерінің, журналистерінің тілі арқылы кейбір сөздер жазба әдебиетіміздің ортақ дүниесіне айналуы мүмкін. Бұл, әрине, тіл дамуындағы заңды тілдік құбылыстары.

1. Нақысбеков О. Қазақ тілінің Оңтүстік говорлар тобы. А. 1982.

2. Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. А. 1989

3. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А. 1959

4. Досқараев Ж. Очерк о Южном диалекте казахского языка. А. 1996.

Б. Жусупова

Названия блюд в речи жителей Туркестана

В статье рассматриваются семантические особенности названия блюд в речи жителей Туркестана.

B. Zhusupova

The names of dishes in Turkestan inhabitants' speech

This article deals with semantical peculiarities of the names of meals in the speech of inhabitants of Turkistan

Н. Ильясова,

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

СӨЙЛЕУ ҰҒЫМЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ

Сөйлеу – адамдарға ғана тән қабілет. Б.Хасанұлы: «Адамға тілдік қабілет туа бітеді, сол қабілеттің арқасында ол биологиялық тіршілік иесінен әлеуметтік тіршілік иесіне айналады. Адам әлеуметтену барысында тілдік қабілетін жетілдіреді де, тілдік тұлғаға айналады» [1, 230 б.] деп, адамдарды биоәлеуметтік тіршілік иесі ретінде таниды. Тілдік қабілеттің жетілуі тілді таныммен сабақтастыра зерттеуге, тіл арқылы адамды тануға, тіл мен адамды біртұтастықта қарастыруға арқау болып, тіл мен тұлғаның, тіл мен қоғамның өзара әрекеттесуінен қалыптасатын мәдени-әлеуметтік факторлардың мәнін ашады. Дәлірек айтқанда, адамдардың тілдік мәдениетін (немесе тілді қолданудағы адамдардың мәдениеті) айқындауға мүмкіндік береді.

Тілдік мәдениет сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнекі-

лігі (А.Байтұрсынұлы) сияқты нақты қағидаларға сүйенеді. Егер сөйлем құрамындағы сөздер синтагмалық қағидаларға сай дұрыс байланысса, сөйлеу барысында сөздердің дұрыс қолданылғаны; егер «ана тілдің сөзін басқа тілмен шұбарламай, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу» (А.Байтұрсынұлы) тұжырымын ұстанақ, сөйлеу барысында тіл тазалығы сақталмақ; егер «айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса» (А.Байтұрсынұлы) сөйлеу кезінде тіл анық болмақ; егер сөйлеу кезінде айтылатын ойға қатысты сөздердің ұғымы дәл, нақты болып, сөз семантикасына сәйкес жұмсалса, сөйлеу барысында тіл дәлдігі орын алмақ; егер сөйлеу барысында сөздер дұрыс, анық, дәл айтылып қана қоймай, дерексіз ұғымды деректі